

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізу туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2020 жылғы 3 ақпандағы № 06/01 бірлескен қаулысы және Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 27 ақпандағы № 498 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 28 ақпанда № 5718 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабы 2), 3) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1 тармағы 4) тармақшасына сәйкес, Осакаров ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 10 шілдедегі №41/02 бірлескен қаулысы және Осакаров аудандық мәслихатының 2019 жылғы 22 шілдедегі №701 "Осакаров ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысын өзгерту бойынша ұсыныс енгізу туралы" шешімі негізінде, Қарағанды облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қарағанды облыстық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына келесі өзгерістер енгізілсін:

Чапаев ауылдық округі таратылып, қосымшаға сәйкес оның аумағы Садовый ауылдық округінің құрамына енгізілсін;

Чапаев ауылы Садовый ауылдық округінің әкімшілік бағынысына енгізілсін.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі
Сессия төрағасы
Облыстық мәслихат хатшысы

Ж. Қасымбек
Б. Шингисов
С. Утешов

Қарағанды облысы
әкімдігінің
2020 жылғы 3 ақпаны
№ 06/01 мен
Қарағанды облыстық
мәслихатының
2020 жылғы 27 ақпаны
№ 498
бірлескен қаулысы мен
шешіміне қосымша

Схемалық карта (Чапаев және Садовый ауылдық округтерінің шекарасы)



Шартты белгілер:

— ауылдық округтер арасындағы шекаралар
— ауылдық округі шекаралары

Ауылдық округ атауы	Аумақтың жалпы ауданы, га	оның ішінде							Барлық егіс алқабы-барлығы, га	
		Ауылдық елді мекендердің жерлері, га	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер, га							
			барлығы	олардың ішінде			шабындықтар	жайылым		басқа (тыңайған және т.б.)
				барлығы	бонитеттің орташа баллы	және т.б.				
Садовый	50004	3636	39782	19020	24	52	20649	61	14836	
Чапаев	49263	3573	45028	20225	26	0	24803	0	13797	
БАРЛЫҒЫ	99267	7209	84810	39245	25	52	45452	61	28633	